

С. Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Қылмыстылықпен күрес — бұл қылмыстық заң нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге, қылмыстылықтың алдын алуда көрінетін (оның себеп, шарттарына әсер ету жолымен) және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл белсенді сипатталатын, қорғалатын мүдделер мен игіліктерге зиян келтіруге жол бермеуге, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесуде қылмыскерлерге жауаптылық шараларын қолдануға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық органдардың жүйелі қызметіⁱ.

Қоғамда пайда болған қылмыстық әрекеттермен күреске бағытталған мемлекеттік және оның құқықтық институттары мен құқық қорғау органдарының қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл қызметін мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде атауға болады. Соңғы кезде, «қарсы іс-қимыл» терминін қылмыстылыққа қатысты қолдану тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, соған қоса, заң шығармашылық қызметінде де қолданыла бастады.

Осыған орай, қарсы іс-қимылды қарастыратын келесі заңдарды атауымызға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» № 416 Заңы (кейінгі өзгерту, толықтыруларымен). Аталған заңда терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидалары, мақсаты, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері бекітілген. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылға бағытталған басым бағыттары ретінде жеке басты, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау болып танылғанⁱⁱ.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 Заңы (кейінгі өзгерту, толықтыруларымен) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін қорғау, Қазақстан Республикасының егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Заңның 4-бабының 1-тармағы бойынша экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі міндеттеріне — экстремизмнің көрініс беру нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасында оны жүзеге асыруға жол бермеу; экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауды болғызбау; азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру; Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жатады. Бұл мақсаттарға жету үшін мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: экстремизмнен сақтандыруға, соның ішінде оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау; экстремизмді анықтау және оның жолын кесу; экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық (Заңның 5-бабы)ⁱⁱⁱ.

Аталған заңдардағы «қарсы іс-қимыл» ұғымы заң шығармашылық деңгейіндегі алғашқы қадамдар болып саналады. Жоғарыда қаралған заңдардағы қарсы іс-қимылды нақты пайда болған қылмыстық әрекеттермен (терроризм, экстремизм) күресу жағдайларында қарастырған.

Мысалы, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бап, 10-тармағында терроризмге қарсы іс-қимылды өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдары қызметі ретінде анықтайды.

Заң шығару саласында «қарсы іс-қимыл» ұғымын құқыққа қарсы әрекетке (қылмыстылыққа) қатысты талдай келе, келесідей белгілеріне назар аудартады:

1) қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы бағытталған, өзінің құзыретінің шеңберінде мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам институттарының, ұйымдардың және жеке тұлғалардың қызметі;

2) мұндай қызметтің мақсаты құқыққа қарсы (заңға қайшы) әрекетті жүзеге асыруға жағдай жасайтын себептер мен шарттарды анықтау мен оны одан әрі болдырмау, соған қоса, қылмыстық әрекеттің зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою болып табылады;

3) қарсы іс-қимылдар құқыққа қарсы (қылмыстық) әрекеттің себептерін анықтау мен одан әрі болдырмауға бағытталған ескертудің ерте (профилактикалық) қызметі, қылмыстарды анықтау, ескерту, жолын кесу, ашу мен тергеуге бағытталған күрес арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға талдау жасағанда «қарсы іс-қимыл» термині қылмыстылықтың деңгейін төмендетуге және азаматтардың, қоғамның, тіпті тұтастай мемлекеттің қорғаныс деңгейін арттыруға бағытталған шаралардың барлық жиынтығын анықтауда қолдану әлдеқайда тиімді.

Бірақ арнайы әдебиеттерге талдау жасағанда қылмыстылыққа әсер етудің бірнеше терминдері бар екендігін көреміз, олардың біразы заң шығару техникасында толық қолданылып та жүр.

Е. І. Қайыржанов қолданыстағы терминдердің ара-жігін ажырата келе, «... олардың өзіндік түрлі таңбалары болуы мүмкін», — деген.^{iv} Дегенмен, әлеуметтік қызметтің осы түрі көп аспектілі болғандықтан оның мақсаты уақытпен нақтыланады деген Г. А. Аванесовтың негізгі көзқарасымен келісуге болады:

1. «Алдын алу» терминін адамдардың әл-ауқатын жақсартуға, немесе мәдениеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мен оларды жетілдіру жөніндегі жалпы мемлекеттік шараларға, яғни қылмыстылыққа әсер ететін және онымен күреске жұмылдыратын шараларға үйлестіре пайдаланған дұрыс;

2. «Ескерту» терминін қылмыстылықпен күреске бағытталған бағдармаларда, тұжырымдамаларда, жұмыс жоспарларында қарастырылған қызметтерге үйлестіре пайдаланған дұрыс;

3. «Болдырмау» термині ойластырылып жатқан, дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылыққа алаңдаушылықты немесе қылмыстың дайындық сатысында бөгет жасауды білдіреді, (мысалы, есірткі шикізаты болып саналатын өсімдіктердің тұқымын себу);

4. «Жолын кесу» термині істі насырға шаптырмас мақсатында қылмыс жасауға бетбұрыс сатысына араласуды білдіреді;

5. «Сақтандыру» термині қылмысты ескертудің виктимологиялық шараларына қолданылады.

Қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдар мемлекеттік саясаттың айнасы болып саналады. Ол мемлекеттік билік пен қоғамдастықтардың заңдардың нақты орындалуын негізге ала отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтармен және басқа да қоғамға қауіпті әрекеттермен күресудегі қызметтерінің бағыттылығын анықтайды.

Қазіргі таңда қоғамдық тәртіпті сақтауда, заңдылық пен азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бойынша жоғары талап қою жағдайында құқық бұзушылықтардың алдын алу елімізде қылмыстылықпен күресудегі жалпы мемлекеттік міндеттерін шешудегі басты бағыттардың бірі болып саналады.

Бүгінде Қазақстанда қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдардың бастау алу үдерісі белсенді жүзеге асырылуда. Үдеріс екі бағытты қамтымақ. Біріншіден, қылмыстарды ескертудің негізі болып және нақты өмірге байланысты жаңа түрлері пайда болатын жергілікті деңгейде, тұрғылықты жер бойынша, елді мекендерде, аудандарда, қалаларда, субъектілерде жүргізілетін қылмыстарды ескертудің жеке және жалпы әдістері. Екіншіден, осы жұмыстарды «жоғарыдан» ұйымдастыру үшін мемлекет шара қолданады, яғни, үйлестіруші органдар мен ұйымдар құрады.

Арнаулы жалпы алдын алу сипатындағы шараларды ескертулік және функциялық қызметті ұйымдастырумен байланысты деп жіктеуге болады. Біріншісіне, аймақтағы қылмыстардың деңгейі, құрылымы мен қарқыны жөніндегі ақпараттарды зерттеу және талдау (осы қылмыстардың жасырындылығын, қылмыс туғызар және оған қарсы факторларын ескере отырып жай-күйі мен қарқынын бағалау); криминологиялық жағдайлардың дамуын болжау, криминологиялық жоспарлау; жүргізілген алдын алу шараларының тиімділігін бағалау.

Функционалдыққа аталған шағын ортада алдын алуды бақылау шаралары жатады:

– қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиі жасалатын орындарын жүйелі түрде зерделеу;

– орын мен уақытты ескере отырып қылмыстық құқық бұзушылықтар көп жасалатын жерлерге полиция қызметтерінің орналасуын қамтамасыз ету;

– арнайы алдын алу шараларын жүргізу, жеке кешенді операциялар өткізу;

– азаматтарды құқықтық тәрбиелеу, сауаттандыру.

Сонымен, қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл жүйесі жаңғыртуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы қылмыстылықпен күресуді де қарастыратын көп векторлы стратегия^{vi}. Мемлекеттің алдына қылмыспен күресу саясатын ашық айқындап берген. Осыған орай 2014 жылы заманға сай Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалдық, Қылмыстық-атқару кодекстері жаңадан қабылданды. Соған қоса, басты рөл атқаратын Конституциялық заңдар да қайта қаралды.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» № 199-V Заңының 1-бап 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының мақсаты — адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болып табылады.

Осы Заңның 4-бабында Ішкі істер органдарының алдына 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы; 2) қоғамдық тәртіпті сақтау; 3) қылмыстылықпен күрес; 4) қылмыстық жазаларды және әкімшілік жазалауды орындау; 5) төтенше жағдайларды ескерту мен жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру міндеттерін жүктейді.

Бұл жерде бірінші орынға қылмыстылыққа қарсы тұрудың әдістеріне әлеуметтік демократиялық құқықтық мемлекет құрылысына негізделген, атап айтқанда, қарсы іс-қимыл, түзету, сенім және көтермелеу әдістері шығады.

ⁱ Криминология: Дәрістер курсы / Жауапты ред. И. Ш. Борчашвили. — Астана, 2005.

ⁱⁱ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» № 416 Заңы (кейінгі өзгерту, толықтыруларымен) // www.online.zakon.kz

ⁱⁱⁱ Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 Заңы (кейінгі өзгерту, толықтыруларымен) // www.online.zakon.kz

^{iv} Каиржанов Е. И. Криминология (Общая часть). — Алматы, 1995.

^v Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz

^{vi} Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» № 199-V Заңы // www.online.zakon.kz